

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ЖАТСЫНУ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Болатбекова Назгуль Жоламановна

nazgul.bolatbekova@mail.ru

«Философия және этика» ББ 1 курс PhD докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Қазіргі кезеңде қоғамымызда белең алып отырған кейбір жағымсыз әлеуметтік және саяси үрдістер уақытында жатсыну мәселесін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастырудың маңыздылығы зор. Философия тарихында жатсыну мәселесі адамзатпен үнемі бірге жүретін ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Қоғамдық өмірдің жеделдетілген қарқынына ілесе алмай, адам өзі өмір сүретін қоғамнан алшақтай бастауы мүмкін. Ол әлеуметтік оқиғаларға ілесіп кете алмай, оның бойында қажетсіздік, болмыстың мағынасыздық сезімі пайда болады.

Жатсыну – адамның іс-әрекеті мен оның нәтижелерінің ерекше, дербес күшке айналуын бейнелейтін әлеуметтік - философиялық категория. Белгілі жағдайларда бұл күштер өзін тудырған адамға қас болып, оған үстемдік ету дәрежесіне жетеді. Соның салдарынан адам белсенді субъекті болудан қалып, қоғамдық процестің объектісіне айналады. Жатсыну адам іс-әрекетінің тарихи ерекшелігі мен оның нәтижелерінің қоғамға қатынасын, антагонистік формациялардағы әлеуметтік өмірдің адамның жеке басына тигізетін аздырушылық әсерін сипаттайды [1].

Жаңа ақпараттық әлемнің дамуы жатсыну мәселелерін шешпейді, керісінше оны нашарлатуы мүмкін. Өйткені, адам өмірінің негізі болатын - еңбектен алшақтауы. Виртуалды компьютерлік әлемге адам неғұрлым көп кірсе, нақты әлем одан алыстап кетеді, нәтижесінде нақты әлеуметтік қатынастар әлеміне оралудан қорқу пайда болады. Осылайша, үшінші мыңжылдықтың басында адамды жатсыну жойылып қана қоймайды, керісінше, өсіп, жаңа формалар мен мазмұнға ие болатындығын ескерген жөн.

Сонымен қатар, бұл проблема қазіргі уақытта қоғамда байырғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер болып жатқан кезде және көптеген адамдардың өмірі тез өзгеріп, оларды әлеуметтік болмыстың әртүрлі полюстерінде өсіретін кезде өте маңызды. Бүгінгі таңда жатсыну әлеуметтік - философиялық категория ретінде әлеуметтану, психология, криминология, құқық сияқты басқа ғылыми салаларда кеңінен қолданылатындығын атап өткен жөн.

Философияның пайда болуымен жатсыну ұғымы мәселесі әртүрлі мәдениеттер мен әртүрлі дәуірлердегі адам мен қоғам туралы философиялық ілімдерде өз орнын алады. Платон (б.з.д. 427 - 347 жж.) өзінің «Федон», «Федр», «Тимей» диалогтарында, мән мен болмысты шындыққа жанаспайтын етіп салыстырады. Әсіресе, «Федр» диалогында адам жанының өз денесінде құрсауда болатындығын, тек өлімнен кейін ғана жатсынудан құтқарылатындығын айтады [2].

Аристотель саяси жатсынудың бар екендігін айта келе, мемлекеттегі қоғамдық өмір жеке азаматтардың өмірінен алшақ екенін байқады. Ол мұны мемлекет жеке адамнан да, оған толықтай тәуелді отбасынан да жоғары екендігімен және олардың мүдделері қақтығысқан кезде үстемдік мемлекетте қалатындығымен түсіндіреді. Ол заң шығарады, онсыз адамдар жануарлардың ең жаманы болар еді. Бірақ мемлекеттің мүдделері мен кейбір азаматтардың жеке мүдделері қақтығысқан кезде, жеке тұлға саясатқа толығымен бағынады [3].

Маркс «жатсыну» терминін адамның басқа адамдардың тұлғасыздандырылған тобыры арасында өмір сүруінің мәнсіздігі сезімін сипаттау үшін қолданады. Қазіргі заманғы

технологиялық қоғамда адамдардың көпшілігі өндіріс процесінің басынан аяғына дейін қатыспайды. Олар өз қабілеті мен күш-қуатын өндірістің тек жекелеген кезеңдерінде ғана жұмсайды. Мысалы, автомобиль зауытының қызметкері күні бойы тұтқаларды автокөлік есіктеріне бекітумен ғана айналысады, басқа ештеңе істемейді. Сондықтан зауыт жұмысшыларының автомобиль жасап жатырмыз деп ауыз толтырып айтуының еш мәні жоқ. Олардың дайын өнімді сатуда табысқа жетеміз деп тырысуы да мәнсіз. Жұмысшылар өздерінің бүкіл өндіріс процесінен оқшауланып, оларды бақылап отыру мүмкіндігінен айырылғанын сезінеді. Мұндай оқшаулану және айырылу сезімі жатсыну деп аталады. Көп пайда табу үшін кәсіпкерлер-капиталистер өзге кәсіпкерлермен бірге әрекет етуге немесе олармен бәсекелесуге ұмтылуы қажет. Сонда олар үлкен көлемде өнім сата алады және зор пайдаға кенеледі. Мұны жүзеге асырудың жалғыз нақты әдісі – арзан еңбекті пайдалану. Пайданы ұлғайту үшін жұмыс берушілер, Маркстің пікірінше, өз жұмысшыларына бірте-бірте аз төлеуі тиіс. Осылайша капиталистер байи береді, ал жұмысшылар кедейлене түседі. Капиталға адамгершілік ұғымы тән емес, адами қарым-қатынастарға келгенде ол толығымен азғын. Әуелден азғын жүйе саналатын капитализмді өндіріс құралдарын бақылау капиталистердің емес, еңбекшілердің қолында болатын жүйе ығыстырып шығаруы тиіс. Маркс заманауи индустриялық әлемде адамдар бір-бірінен алыстап, өздерінің табандылығынан айырылады деп болжамдады. Оның пікірінше, біз осыны өзімізге өзіміз жасадық. Біз техникаға негізделген әлем құрдық, бірақ оны басқаруға қауқарсызбыз. Біз өзімізді өзіміз жатсынып, өз қадірімізді білмейтін, өзімізді бұрынғыдай бағаламайтын болдық. Маркс осы заманауи феноменді өзін-өзі жатсыну деп атады. Капиталистік қоғамдағы адамдар фетишизмге ұмтылуға бейім: олар өздері өндіретін нәрсені басқа адамдардан әлдеқайда артық бағалайды. Капитализмнің ең үлкен залалы мынада: ол адамдарды машинаға айналдырып, механизм ретінде жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Капитализм мойындайтын жалғыз құндылық – нарық құны. Ол адамды бағаламайды [4].

Г.Гегельдің философиясында жатсыну категориясы өзінің маңыздылығы негізінде әдіснамалық роль атқарады. Соның негізінде объект пен субъектінің диалектикалық сәйкестігі туралы идеяға негізделген бүкіл жүйесі құрылады. «Рух феноменологиясы» еңбегінде ол жатсыну арқылы әлемдік рухтың эволюция процесін сипаттайды: «бұл рух әлемі екі әлемге бөлінеді: біріншісі-шындық әлемі немесе рухтың жатсыну әлемі, ал екіншісі-рух біріншісінен жоғары көтеріліп, өзін таза сана эфирінде құратын әлем» [5, 262 б].

Гегель жатсынуды рух дамуының кезеңі деп санады, бірақ әлі де толық емес, сондықтан оған тән рационалістік, идеалистік жолмен-өзін – өзі тану процесі арқылы жетуге болады. Оның іліміне сәйкес, табиғатты жатсынудан кейінгі рух бірнеше деңгейден өтеді: алдымен антропологиялық, содан кейін феноменологиялық, психологиялық, содан кейін моральдық, көркемдік, ал философиялық деңгейде ол өзіне оралуы мүмкін, өйткені өзін-өзі тану арқылы жатсынудан құтылуға болатындығын айтады.

Жатсыну мәселесінің осы уақытқа дейін сақталған кем дегенде үш түсіндірмесі бар екендігін байқаймыз. Құқықтық салада бұл термин құқықтарды немесе меншікті беруді білдіреді; әлеуметтік салада - адамның басқа адамдардан, өз елінен немесе құдайларынан бөлінуі, кетуі немесе оқшаулануы; медициналық-психологиялық салада - ақыл-ой функцияларының бұзылуы, психикалық ауру.

Жатсыну, В.Даль бойынша, «бөтен», «шеттету», «жою», «іріктеу», «басқаға беру». Әлеуметтік философияда жатсыну әлеуметтік процесті белгілеу үшін философиялық категория ретінде түсіндіріледі, оның шекараларында адамдар қызметінің нәтижелері мен өнімдері өз жасаушыларынан жоғары болып, оларды басып озатын тәуелсіз күшке айналады [6]. А.А. Грицанов, В.И. Овчаренко жатсынуды адамдарға үстемдік ететін табиғат заңдары мен өздерінің әлеуметтік әрекеттерінің заңдарына адамдарға жат және дұшпандық күштер ретінде қарсы тұру ретінде анықтайды [7].

А.В. Скороденок өз зерттеулерінің бірінде әлеуметтік-философиялық тұрғыдағы жатсыну категориясын М. Кастельстің тұжырымдамалары негізінде екі бағытта қарастыруға болатындығын айтады. Біріншісі марксистік қабылдау адамды өз еңбегінің өнімдерінен алшақтатуға баса назар аударатын тәсіл. Бұл ретте жаппай өндіріс, өнімді стандарттау, еңбекті автоматтандыру саласында жатсынуға баса назар аударылады. Мұның бәрі адамның өз еңбегінің өнімдерінен алшақтау факторлары ретінде қарастырылады.

Екінші бағыт виртуалды шындық құбылысын зерттеумен байланысты. Интернет технологиялары, адам мүмкіндіктерінің айтарлықтай өсуіне әкелді. Алайда, әлеуметтік процестердің жеделдеуі жеке басының дағдарысына, жеке тұлғаның шеттетілуіне әкеледі [8].

Сонымен бірге, ақпараттық дәуірдегі қазіргі жастардың виртуалды тәуелді болуы, олардың қоғамға деген жатсынуларын тудыруда. Ол жайында Е.П. Яковлева., Н.А. Ефремова қазіргі жастардың виртуалды тәуелділігін өзекті мәселе ретінде қарастыра келіп, цифрландыру жағдайында жастарды қоғамға жатсындырмай, оларды әлеуметтендірудің басым мақсаттарын қойды және цифрлық трансформация жағдайында виртуалды тәуелділік мәселелерін шешу жолдарын белгіледі [9].

Қазақстандық зерттеуші А.О.Тастанбековна әлеуметтік-мәдени типология тұрғысынан виртуалды шындық құбылысына философиялық және тарихи талдау жасай келе, жатсынудың байқалу ерекшеліктерін анықтайды. Виртуалды шындықта адамды жатсыну формаларын анықтауға және көрсетуге баса назар аударады. Жеке тұлғаны жоғалту, виртуалды қарым-қатынастың үстемдігі екендігін қарастырады [10].

Бүгінгі философиядағы жатсынудың тағы бір жарқын көрінісі – «адамның цифрлық ізі» деп түсінілетін Big Data. Адам субъект болуды тоқтатады - ол объект: жарнама және бақылау жүйелерінің объектісі болып қалады. «Big Data» технологиялары жеке өмірге қайшы келеді, бостандықтың қажетті элементі ретінде адамның жеке кеңістігін қорғайды. Нәтижесінде адамның тікелей тұлғааралық қарым – қатынасы болмағандықтан қоғамнан жатсыну, шеттетілу көріністері пайда болады [11].

Жаңа философиялық энциклопедияда жатсыну философиялық категория, сондай-ақ әлеуметтануда, психологияда, құқықта және саясатта қолданылатын ұғым ретінде сипатталады. Бүгінгі философияда саяси жатсыну мәселесін қарастырған алғашқы зерттеулерді де байқай аламыз. Ahmad, Bashir S.A. палестиналық босқындар арасындағы саяси алшақтықты зерттеуге бағытталған. Жалпы саяси жатсыну мәселесіне қызығушылық танытатын зерттеушілер үшін маңызды анықтамалық материал болады [12].

Философияда «жатсыну» категориясы адамның қасиеттерін, іс-әрекетінің нәтижелерін және қоғамға, саясатқа қарым-қатынасын объективтендіруді білдіреді, ол оған жоғары күш ретінде қарсы тұрады және оны субъектіден әсер ету объектісіне айналдырады. Осы мәселе бойынша бар пайымдауларды қорытындылай келе, жатсынудың үш түсіндірмесін анықтауға болады:

- 1) жатсыну материалдық немесе рухани формаға ие болатын және адамнан бөлінетін адам қызметінің кез-келген анықтамасы ретінде; оны жаһандық (әмбебап) деп жіктеуге болады;
- 2) субъектіні жатсыну, оның қызметінің нәтижелерімен (материалдық және рухани) құлдыққа түсуі туралы түсінік; оны әлеуметтік-экономикалық деп атауға болады;
- 3) жатсыну адамның эмоционалдық-психикалық жай-күйімен сәйкестендіру, оған жеке басының еркіндігі мен айла-шарғы жасауы, оның жай-күйін бөгде күштер тарапынан басқаруы тән; бұл түсіндіруді эмоционалды-психологиялық деп атауға болады.

Диалектикалық логиканың өкілдері де жатсыну феноменін қозғаған болатын. Кеңестік дәуірдегі материалистік көзқарастың әсерінен, қанатын кеңге жайып зерттелінбеді. Бүгінгі кезеңдегі күрделі, өзгермелі қоғамға адамның көңілі толмай, өзін сол ортада жатсынуы – соңғы жылдары ғана үлкен әлеуметтік- философиялық мәселе ретінде қарастыруды бастады.

Сонымен, философиялық тұрғыдан алғанда, жатсыну әлемде бар, ал адам әлемнің белсенді тіршілік иесі. Ол өзінің рухани және физикалық өлшемдерін осы әлемде өмір сүру барысында көрсете алады. Біздің алдағы мақсатымыз рухани жатсыну ұғымының мәнін ғылыми-практикалық тұрғыда зерделеу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия; бас ред. Ә. Нысанбаев; ред. алқасы: Т. Б. Рсаев - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 5- 89800-149-2 (мұқ.) 3-том. – 720 б.
2. Платон. Тимей / Платон. Избранные диалоги; вступит. статья, составл., примеч. В.Е. Витковский. – М.: «Рипол классик», 2002. – С. 161-248.
3. Аристотель. Политика / Аристотель. Сочинения в 4-х т.т. – М.: Мысль, 1983. – Т. 4. – 270 с.
4. Қазақстанның ашық университеті. Карл Маркс: тарих процесі 4-тарау. Қазіргі философия. https://openu.kz/storage/lessons/1271/filosofiyan-yasasha-tarihy-sokrattan-derridaa-deyn_18_lecture.pdf
5. Гегель Г. Феноменология духа / Г. Гегель. Соч. – М.-Л.: Соцгиз, 1959. – Т. IV. – 440 с.
6. Отчуждение как социокультурный феномен : тезисы докладов Всесоюз. науч.-практ. конф. 16-18.04.1991 г., Симферополь. Киев: об-во «Знание» Украины: РДЭНТП, 1991.- 87 с.
7. Гоноцкая, Н.В. Отчуждение: сущность, истоки, современные модификации / Н.В. Гоноцкая // Философия и социальная теория: сб. науч. трудов / под ред. Г. Г. Кириленко. М.: Полиграф-Информ, 2004. - Вып. 2. - С. 33-53.
8. Скороденок, А. В. Феномен отчуждения в рамках социально-философской концепции М. Кастельса / А. В. Скороденок // Электронный сборник трудов молодых специалистов Полоцкого государственного университета / Полоцкий государственный университет ; ред. кол.: Д. Н. Лазовский (пред.) [и др.]. - Новополоцк : ПГУ, 2019. - Вып. 26 (96): Экономические науки. – С. 274-276.
9. Яковлева Е. П., Ефремова Н. А. Виртуальная зависимость молодежи в условиях цифровой трансформации //Вестник Северо-Восточного федерального университета им. МКАммосова. Серия «Педагогика. Психология. Философия». – 2023. – №. 4. – С. 97-108.
10. Tastanbekovna A. O. Philosophical reflections on the phenomenon of virtual reality //Publisher. agency: Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Scientific Research and Experimental Development»(March 02-03, 2023). London, England, 2023. 383p. – UniversityofHull, 2023. – С. 226.
11. Семенова Т. Н., Ситнова Л. И. Категория «отчуждение» в свете новых парадигм общественного развития //III Международная научно-практическая конференция, посвящённая 100-летию. – 2022. – С. 487.
12. Ahmad, Bashir S. A. Political Alienation Among Palestinian Refugees in The Diaspora. Granada: Universidad de Granada, 2023. [<https://hdl.handle.net/10481/80333>].